



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

## 2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Кейінгі Орта ғасыр  
философиясындағы Құдай мәселесі





**Мақсат** – Акуинолық Томас, Дунс Скот, Уильям Оккам және Кузальық Николай философияларындағы теологиялық мәселелерді талдау.

#### **Жоспар**

Акуинолық Томастың Құдайдың бар екеніне келтірген дәлелдері.  
Дунс Скоттың шексіз болмыс туралы метафизикалық дәлелі.  
Дунс Скот және Оккам құдіретті көрегендік туралы.  
Кузальық Николай «Ғалымның білімсіздігі» жайлы.

#### **Түйін сөздер**

Құдайдың бар екенінің дәлелдері, бірізділіктің себеп-салдарлық байланысы, Құдайдың шексіздігі, Құдайдың көрегендігі, «ғалымның білімсіздігі».

Осы соңғы дәрісімізді Энтони Кенни еңбегінің тоғызыншы тарауында қарастырылған кейінгі орта ғасыр философиясындағы теологиялық мәселелерді талдауға арнаймыз.

Философиялық теологияда Акуинолық Томас есімі Құдайдың шексіз білім мен шексіз құдірет иесі ретіндегі Құдайдың сипаттарын қарастырғанынан гөрі, Құдайдың бар екенін тек философиялық әдістер арқылы дәлелдеуге талпынғаны үшін жиі аталады. Құдайдың бар екенінің дәлелдері оның еңбектерінің көп тұсында қамтылған. Мысалы, «De Potentia» еңбегінде өзінің басты дәлелі ретінде бұрыш пен зімбірдің дәмін келтіреді. Оның айтуынша, қай жерде болса да әр түрлі себептер әрекет етуімен қатар, жалпы себеп те әрекет етуі керек және осы жалпы себеп осы әрекетке тән кейбір басты себепті арттыруы тиіс. Мәселен, бұрыш пен зімбір дәмінің жеке әсерлерінен бөлек, ортақ сипаты бар – олардың екеуі де жылу бөледі. Олар бұл әсерді оттың көмегімен шығарып отыр, ал мұндағы жылу – тиісті әсер.

«Теология суммасы» еңбегінің басында берілген Құдайдың бар екеніне келтірілген бес әдіс атауымен белгілі теорияның құрамдас бөліктері мыналар:

- Қозғалыс арқылы дәлелдеу дегеніміз, қозғалыстың қозғалысы әрқашан басқа қозғалыстың себебінен болады, ал ол өз кезегінде үшінші себеп арқылы қозғалысқа келтіріледі. Ал Құдай барлық қозғалыстың алғашқы себебі.
- Жаратушы себеп арқылы дәлелдеу – алғашқы дәлелге ұқсас. Еш нәрсе өз-өзін жарата алмағандықтан оның алғашқы жаратушысы болуы тиіс. Ол – Құдай.
- Қажеттілік негізіндегі дәлел – дүниедегі әрбір зат болуы да болмауы да мүмкін. Егер біз дүниеде барлық нәрсе болуы мүмкін деп болжамдасақ, ендеше ештеңе де болмаушы еді. Әлеуеттілікті өзектілікке айналдыратын қандай да бір нәрсе болуы тиіс және бұл нәрсе – Құдай.
- Болмыстың дәрежесінен шығатын дәлел – адамдар заттың кемелдігі жайында тек ең мінсіз затты көргенде ғана айта алады. Бұл ең әдемі, ең игілікті, ең керемет нәрсенің бар екенін көрсетеді. Ол әрине – Құдай.
- Мақсатты себеп арқылы дәлелдеу. Ақыл есі бар және ақыл есі жоқ тіршілік иесі арасында әрекеттерінің мақсаттылығы байқалады, демек, барлық жандар үшін мақсаттылықты айқындайтын ақылды жан болуы тиіс, бұл жан – Құдай деп аталады.

Осы бес әдістің ешбірі Құдайдың бар екенін дәлелдей алмады. Олардың әрбірі не қате, не жалған әлде даулы алғышарттардан тұрады. Бірінші әдіс «Қозғалыстағы барлық нәрсе басқа нәрсенің себебінен қозғалысқа келген» деген алғышартқа тәуелді: бұл қағидат Ньютон заманынан бері бірнеше рет толықтай теріске шығарылған. Екінші әдісте аталған тізбек – уақыт ішіндегі (Акуинолық Томастың өзі тізбектің кез келген уақытына қайта оралу мүмкін екенін мойындайды) себептер тізбегі емес, тасты сүйменмен қозғалтқан адамның әрекеті секілді бір мезетте орын алған себептердің тізбегі. Мұндай тізбектегі бірінші себеп қарапайым адам емес, және мұнда Құдай болуының ешқандай негізі берілмеген. Үшінші әдістегі «Әрбір заттың сол затты қамтымайтын бір уақыт кезеңі бар» дегеннен бастап, «Жоқ нәрсені қамти алатын кейбір уақыт кезеңдері бар» дегенге дейінгі пікірлердің барлығы – қате тұжырым. Төртінші әдіс – платондық көзқарасқа, сондай-ақ болмыстың қисынсыз түсінігіне негізделген. Бесінші әдіс – дәйектердің арасындағы шындыққа жанасымдысы. Алайда оның негізгі алғышарты Дарвин кезеңінен бастап бізге белгілі дүниеге қосымша көп дәлелді қажет етеді.



Құдайдың бар болуы туралы Акуинолық Томастың дәлелдеріндегі қателер оның өлімінен кейін көп уақыт өтпей-ақ көрсетіле бастады. Оны сынаушылардың бірі Дунс Скот, оның дәлелдерінің орнына өз дәлелдерін ұсынды. Алғашқы себептің бар екенін дәлелдеу үшін Дунс Скот былай жазады: «Айталық, бізде «пайда болуға» қабілетті бір нәрсе бар. Оның пайда болуына не себеп болуы мүмкін? Ол бір нәрсе болуы шарт, өйткені «еш нәрсе» еш нәрсенің пайда болуына себепші бола алмайды. Ол өзінен бөлек басқа нәрсе болуы керек, себебі жоқ нәрсе өз-өзін тудыра алмайды. Осы басқа бір нәрсені «А» деп атайық. «А» өзінің себебі бола ала ма? Егер бола алмаса, бұл – біз іздеген алғашқы себеп. Ал егер А бола алса, онда оның себебі «В» болсын. Біз осы айғақты «В»-мен қайта қарастырып көруімізге болады. Олай болса бұл әрекетіміз шексіз жалғаса береді, не абсолютті алғашқы себепке алып келеді».

Дунс Скот Акуинолық Томас секілді себеп-салдарлық тізбектің екі түрін көрсетті. Олардың біреуін «болмыс реттеген», екіншісін – «кездейсоқ реттелген» деп атады. Ол әрқайсысы өзінен алдыңғы адамнан туған адам тізбегі секілді, кездейсоқ реттелген себептердің шексіз регрессиясының мүмкіндігін теріске шығармайды. Мұндай тізбектер тек кездейсоқ реттелген тізбек болады. Әке баласына себеп болуы мүмкін, алайда ол оның баласынан туған немересінің өмірге келуіне себеп бола алмайды. Болмыс реттеген тізбекте «А» тек «С»-ға себеп болған «В»-ның себебі ғана емес, шын мәнінде ол «В»-ның «С»-ға себеп болуына себеп болады. Бағбан күректі қимылдату арқылы жерді аударғаны секілді, шексіз регрессия тек болмыс реттеген тізбекте орын алады. Кездейсоқ реттелген тізбек – себептердің көлденең тізбегі тәрізді. Ал болмыс реттеген тізбек вертикаль иерархия түрінде болады. Сондай-ақ Скотт: «Шексіздік үдемелі тізбекте болуы мүмкін емес», – дейді.

Дунс Скот шын мәнінде, Құдайдың бар екеніне дәлел көрсете алмағанын мойындайды. Оның бастапқы нүкте ретінде әлемдегі себептік тізбектіліктің бар екенін шын мәнінде мойындаған Акуинолық Томастан бір ерекшелігі, Скот жай ғана себептіліктің қарапайым мүмкіндігінен бастады. Ол мұны саналы түрде жасады. Өйткені ол дәлелін табиғаттың кездейсоқ деректеріне емес, абстрактілі мүмкіндіктеріне негіздегісі келді. Ол: қарапайым физикадан бастасаңыз, сіз шегі бар космостың шегінен ешқашан шыға алмайсыз», – деді. Алайда мұның нәтижесінде алғашқы себептің болу мүмкіндігі ғана дәлелденді. Біз әлі де Құдайдың, шынында да, бар екенін дәлелдеуіміз қажет. Шын мәнінде Скот ары қарай барып, оның бар екенінің дәлелін келтіруге ұсынады. Оның пайымдауынша, алғашқы себеп тіршілікке басқа бір себеп арқылы келе алмайды. Сол себепті ол не бар, не жоқ. Егер ол жоқ болса, ол неліктен жоқ? Ал егер оның бар болуы жалпы мүмкін дүние болса, оның жоқ болуына себеп болатын еш нәрсенің жоқ болғаны. Алайда біз оның бар болуы мүмкіндігін көрсеттік. Сондықтан ол бар және шексіз болуы керек. Өйткені оның құдіретін шектей алатын еш нәрсе жоқ. Скот ондай тіршілік иесінің мәнінде бірізділік болмаған жағдайда ғана, шексіз болмыстың мүмкін болатынымен келіседі. Оның пікірінше, Ансельм айғағының әлсіз тұсы – оның «одан үлкен еш нәрсе ойлап табылмайтынының» бірізді тұжырымдама екенін көрсетпеуінде. Алайда Скоттың айтуынша, егер болмыс пен шексіздік түсініктері арасында бірізділік болмаған жағдайда, ол әлдеқашан белгілі болар еді. «Құлақ диссонансты жылдам анықтай алса, ал ақыл үйлесім таппаған дүниені одан да оңайырақ анықтайды».

Скоттың «Құдай түсінігі бірізді» деген тұжырымын қабылдасақ та, «мүмкіндік» ұғымының логикалық мүмкіндік, эпистемалық мүмкіндік және шынайы мүмкіндік тәрізді түрлі мағыналарын қарастырғандықтан, оның дәйегі сәтсіз болған секілді. Құдайдың бар болуы туралы қарапайым логикалық мүмкіндік оның шынайы бар-жоқтығы туралы мәлімет бермейді. Агностик біздің барлық біліміміз Құдай екенін мойындауы мүмкін. «Эпистемикалық мүмкіндік», міне, осыны білдіреді. Алайда логикалық мүмкіндік пен эпистемалық мүмкіндіктің негізінен шынайы мүмкіндік және ақиқат туралы нәтиже шығару мүмкін емес. «Құдай бар болуы мүмкін» деген сөйлем мен «Құдай пайда болуы мүмкін» деген сөйлемнің мағынасы әртүрлі. Құдай ұғымы мәңгілік тіршілікті қамтитын болғандықтан, ешқандай құдірет Құдайды тіршілікке алып келе алмайды. Егер Құдай бар болса, ол әрқашан болуы тиіс. Құдайдың тіршілік етуінің алдын алатын немесе оны тоқтата алатын құдірет ешкімде жоқ. Мұндай әлеует Құдай түсінігінің ерекшелігіне байланысты ұғымдық жағынан мүмкін емес. Скот үшін Құдай тұжырымдамасының ең маңызды элементі оның шексіздігі болатын. «Шексіздік» түсінігі басқа түсініктерден, мысалы, мейірімділік түсінігінен едәуір маңызды болып келеді. Ол Құдайдың сипаты ғана емес, ол –



Құдай болмысының құрамдас бөлігі. Шексіздік Құдайдың барлық сипаттарының айқындаушы ерекшелігіне жатады: Құдайдың мейірімі – шексіз мейірім, Құдайдың ақиқаты – шексіз ақиқат және тағы солай кете береді. Құдайдың әрбір кемелдігі «өзінің тамыры мен негізі секілді оның болмыстық шексіздігінен алынатын формалды кемелдікке ие». Скот Құдайдың бар екенін, оның шексіз алғашқы себептің бар екенін дәйектеу арқылы дәлелдеп отыр. Құдайдың шексіздігін анықтаған соң ғана, Құдайдың «жалғыз», «қарапайым» секілді өзге сипаттары пайда бола бастады.

Скот Құдайдың барлық сипаттарын табиғи ақыл-оймен дәлелдеуге болатынына сенбеді. Ақыл-ой Құдайдың шексіздігін, жалғыздығын, қарапайымдығын, ерекше екенін және кемелдігін көрсете алды. Алайда ақыл-ой Құдайдың кез келген нәрсеге құдіретті екенін көрсете алмады. Өйткені аян Құдайдың ақыл-ойға келмейтін нәрселерді (мысалы, баланың туылуы) жасауға құдіретті екенін көрсетті. Дегенмен ақыл-ой Құдайдың әлемді жоқтан жарату құдіреті бар екенін және жарату кезінде ол абсолютті еркіндікті қолданғанын көрсете алды. Шексіз Құдай өзінің мәнін көрсете отырып, оны болмысын елестетуге немесе мүмкін болған әртүрлі жеке образдарға ұқсатуға қабілетті деп санайды. Ең алдымен, дәл осы құдірет Құдай идеясында бар болған заттардың болмысын жаратады. Бұл бейнелеу – Құдай зердесінің тәжірибесі, алайда Құдай еркінің еркін әрекеті емес.

Скоттың түсінігі бойынша, Құдай санасындағы мәндер бірегей де, көп те, жалпы да, жалқы да емес. Олар адам санасындағы жылқы әмбебап ұғымының көптеген жеке жалқы ұғымының ешбіріне де ұқсамайтын ибн Синаның жылқылық ұғымын еске түсіруі кездейсоқ емес. Өз еркінің ерікті әрі сипатталмайтын әрекеті негізінде Құдай осы мәндердің кейбірі жаратылу керектігін айтады. Осылайша, әлем жаратылды. Оның еркі мәңгі, әрі өзгермес. Алайда оның бұл сипаты уақытында іске асады. Біз Құдайдың жарату әмірінің ешбір себебін іздестіре алмаймыз. Ол қандай да бір игілік үшін жаратпайды, өйткені жаратылыстарының бар жақсы қырлары – оның жаратуының нәтижесі болуында.

Құдайдың көргендігі оның дүниедегі ең жақсы деген таңдамалы мәндерді туындатқан еркінің алғышарты екеніне көзіміз жеткен еді. Ал оның, шындығында, не болуы мүмкін деген білімі оның өз жігерін өзі тани алуына тәуелді. Скот Акуинолық Томастың «Құдай барлығын біледі» деген пікірін жоққа шығарды. Скот: «Құдайға тән нәрсенің барлығы өткен немесе келер шақта болмайды. Құдайдың ойында не болса, соның барлығы өмірде де дәл сондай», – дейді. Скоттың түсінігі бойынша, не болғанын, не бар екенін және не болатынын Құдайдың өзі ғана біледі. Құдай бәрін біледі деп есептеп, оның құдіретін түсіндіру барысында, адамның қалауы жүзеге аспауы мүмкін. Скот осы айтқандарын мұқият ой елегінен өткізіп, ақыр аяғы оны теріске шығарды.

Ол келесі дәлелді қарастырады: «Құдай менің ертең отыратыныма сенеді. Ал мен ертең отырмаймын. Сондықтан Құдай қателеседі». Бұл – шындыққа жанасатын дәлел. Сондықтан келесі дәлелдің де шындыққа жанасатынын мойындауымыз керек: «Құдай менің ертең отыратыныма сенеді. Бірақ мен ертең отырмауым мүмкін. Сондықтан Құдай қателесуі мүмкін». «Егер р және q-дан r туындаса, онда р және «мүмкін q» өздерінен r-ді туындатады» деген тізбекті пайдалана аламыз. Алайда Құдайдың қателесуі мүмкін емес; бұл дәлелге сүйенсек, мен Құдайдың алдын ала білетін дүниесінен өзге ештеңе жасай алмауым мүмкін.

Скоттың жауабы тұшымды және ол теологиялық контекстен басқа жерлерде де қолданылады. Шындығында, белгілі бір «Х» әрекетін жасауға көптеген жағдай бар, бірақ мен оларды жасамаймын. Мұндай жағдайда «Х» әрекетін сипаттағанда, ол «Х»-ты жасамайтынымды ойда ұстаймын. Скоттың Адам еркімен Құдай еркі тең бола алады» деген ұстанымы жоққа шығарылды. Бұл кез келген үйлесімділіктің түріне қажет бола алатын негізді қамтамасыз етеді. Бір қарағанда, еркіндік пен детерминизм бір-біріне қарама-қарсы құбылыс тәрізді көрінгенімен, толықтай олай емес.

Оккам Скоттың Құдай көрегендігін адам еркімен сәйкестендірген әдісін теріске шығарды. Бұдан бұрын Скот дәл осылай Акуинолық Томастың әдісін жоққа шығарған. Скот: «Құдай өзінің келешекте не істегісі келетініне сәйкес келешек оқиғаларды көре алады, ал келешек оқиғалар міндетті емес, шартты, өйткені дүние туралы Құдай заңдарының өзі шартты», – деген болатын. Оккамның айтуынша, бұл кездейсоқ жағдайларды сақтау үшін осының өзі жеткілікті. Бірақ жаратылғандардың келешегін көріп-білудің негізін анықтау үшін, сондай-ақ жаралғандардың шешімдерін ерікті күйінде қалдыру үшін бұл жеткіліксіз.



Оккам Скоттың көзқарасын қатаң сынағанымен, өз орайында, Құдайдың құдіреттілігі мен адам еркінің мәселесін шешудің жолын ұсынған жоқ. Ол келешек кездейсоқтық туралы айтудың ешқандай да маңызы жоқ деген көзқарасқа (ол оны қателесіп Аристотельдің пікірі дейді) жаны ашитынын көрсетті. Бірақ бұл көзқарас дұрыс болмаса, онда келешектегі күтпеген болжамдардың барлығы Құдай үшін де беймәлім болып қалады. Оккам мұндай философиялық пайымдауларға қарамастан: «Құдай келешекте болатын барлық кездейсоқ нәрселерді біледі деуге міндеттіміз», – деді.

Философиялық ақыл-ой Құдайдың әлемдегі барлық заттың ең алғашқы себепкері екенін дәлелдей алмайды. Егер шексіз себептілік регрессия болмаса, алғашқы себеп болуы керек. Бірақ ол Құдай болуы міндетті емес, ол қандай да бір аспан денесі немесе ақырғы рух болуы мүмкін. «Не нәрсе тіршіліктің бастауы бола алады?» – деп сұраудың орнына, «Оны тіршілікте ұстап тұрған не?» – деп сұрағанымыз жөн. Оккам қазіргі кезде бізді тіршілікте ұстап тұрған бір мезеттік мәндердің шексіз топтамасы бар деп айтудың ойға сыймайтымен келіседі. Мұны, оның пікірінше, абсолюттік сеніммен болмаса да, ақылға сыйымды дәлелдер арқылы көрсетуге болады.

Біз табиғи ақылымыз арқылы Құдайдың шексіз, мәңгі, құдіретті және Аспан мен Жерді жаратқанын айғақтай алмаймыз, – дейді Оккам. Құдайдың білетініне қатысты айтсақ, Құдайдың келер уақыттағы ерікті әрекеттерін айтпағанда, өзінен басқа шынайы заттарды білетінін философиялық тұрғыдан дәлелдеуіміз қиын. Құдай ақиқаттығы туралы осындай барлық нәрселерді сенім мәселесі есебінде қабылдау керек.

Кузальқ Николайдың «De Docta Ignorantia» еңбегінде кейінгі орта ғасырдағы ойлар агностицизмнің шыңына жетті. «Даналық – өз біліміміздің шегін білу» деп Сократтан кейін бұл мәселеге ешкім аса назар аудармаған болатын. Өрескел білімсіздік – жақсы қасиет емес. Адам көп оқып, ізденген сайын білімінің қаншалықты таяз екеніне көз жеткізе түседі. Ақиқаттың бар екенін білеміз, бірақ оған асимптотикалық түрде ғана жақындай аламыз.

Әртүрлі заттарға қатысты ақиқатты нақты емес зат нақты затпен, белгісіз заттың өлшемін белгілі заттың өлшемімен салыстыру арқылы анықтауға болады. Сондықтан, зерттеу шекті заттар аясында жүргізілсе, танымдық пікір, кез келген жағдайда, мүмкін болады. Бірақ шексіздікті өлшеу мүмкін дей алмаймыз. Қалай және қандай мөлшерде болмасын оны елестетуге келмейді, сондықтан ол бізге беймәлім. Аяқталған заттарға тән сайма-сай келу-шіліктің жоқтығы – біздің білімсіздігіміздің себебі. Адамның ақыл-ойы (шекте) мен өзі енген және соған ұмтылған шексіздік арасындағы құрылымдық үйлесімсіздікті сезіну және осындай сыни көзқарас шеңберіндегі зерттеулер – ғалымның білімсіздігі.

Кузальқ Николайдың тұжырымы мынадай: «салыстыру арқылы жүрген біздің шекті ақылымыз дәлме-дәл заттар ақиқатын тани алмайды. Өйткені, ақиқат аз немесе көп болмайды, ол бөлінбейді және ақиқаттан басқа нақты еш нәрсе арқылы өлшене алмайды. Ол бөлінбейтін болмысы бар шеңберді шеңберге жатпайтын басқа нәрсемен өлшеу мүмкін емес секілді келеді. Ақиқат болып табылмайтын ақылымыз соңына дейін жететін ақиқатты тани алмайды және ол ақиқатқа қатынасында көпбұрыштың шеңберге қатынасындай бола алмайды: шеңбердің ішіне еніп бұрышы көп болған сайын және өз бұрыштарын шексіз көбейткеннің өзінде ол ешқашан шеңберге тең бола алмайды. Егер онымен үйлесімділікке жетпесе, әрине». Осыған сүйене отырып, Кузальқ Николай шындыққа жақындаудың дұрыс жолын (өздігінен қол жеткізе алмайтын) көрсетіп, шексіздікте қарама-қайшылықтардың сәйкестігі болуы мүмкін деген тұжырымға шоғырланады. Осы жолда әр түрлі шекте заттар шексіздіктің антитезасы ретінде ғана емес, ең алдымен, онымен шексіздіктің аллюзиясы бар әлдебір мәнді қарым-қатынас ретінде көрінеді.

Қымбатты достар, осымен біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» атты еңбегін қарастырып болдық. Осы кезең тарихта адамзат өмірінің ең қараңғы және қапас кезеңі болғанына қарамастан, біз білім мен ойдың шырағы бұл уақыттың өзінде сөнбегенін көреміз. Батыстың да шығыстың да орта ғасырдағы ойшылдары ұлы парасаттылықты сипаттап қана қоймай, жоғарғы өнегелікті де көрсете білді. Қалай дегенмен де, орта ғасыр ғалымдары мен философтарының мінсіз Құдай алдында өзіндік кемелденуге деген ұмтылыстары олардың мәтіндері мен ілімдерінде айқын көрсетілген.





Энтони Кенни Орта ғасырдың құрылымдық және мазмұндық жағынан күрделі ғақлияларына сүйеніп, оларды оқырманға айқындап, философия тарихындағы алдыңғы және кейінгі кезеңдермен дәйекті тұрғыда байланыстыра білді. Сіздердің назарларыңызды «Оксфордтың ең үздік философы» Энтони Кеннидің кітабына аударып алдық деген ойдамыз. Сонымен қатар, «Орта ғасыр философия» еңбегін құлышыныспен оқып, одан көптеген қызықты әрі пайдалы мәліметтер табасыздар деген үміттеміз.

#### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Акуинолық Томас құдайдың бар екеніне қандай дәлелдер келтіреді?
2. Құдайдың бар екенінің бес дәлелін қалай сипаттап берер едіңіз?
3. Акуинолық Томастың дәлелдерін сынаған Дунс Скот, оған қарсы қарсы қандай дәлелдер келтіреді?
4. Дунс Скоттың Құдай концепциясының маңызды элементі?
5. Дунс Скот бойынша Құдай ақылындағы мәндер дегеніміз не?
6. Дунс Скоттың Құдайдың көрегендігі мен адам еркіндігін табыстыру әдісін Оккам не үшін сынады?
7. Уильям Оккамның байыптауынша Құдай туралы ақиқат қалай қабылдануы тиіс?
8. Кузальық Николай анықтамасындағы «ғалымның білімсіздігі» дегеніміз не?

#### Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.
5. [http://www.aif.ru/dontknows/file/svyatoy\\_foma\\_akvinskiy\\_i\\_ego\\_5\\_dokazatelstv\\_sushchestvovaniya\\_boga](http://www.aif.ru/dontknows/file/svyatoy_foma_akvinskiy_i_ego_5_dokazatelstv_sushchestvovaniya_boga)
6. [http://yanko.lib.ru/books/philosoph/reale\\_antiseri-3\\_tom-vozh\\_kant-2002-a.htm#\\_Toc164582528](http://yanko.lib.ru/books/philosoph/reale_antiseri-3_tom-vozh_kant-2002-a.htm#_Toc164582528)